


Қордың борышы және EBITDA, млрд теңге (шоғырландырылған)

2024 жылдың соңында Қарыз/EBITDA қатынасы 1,92 болды, бұл қарыздың EBITDA өсімінен жоғары өсу қарқынына байланысты.

2024 жылы шоғырландырылған қарыз 9 402 млрд теңгені құрады.

БОРЫШ ПЕН EBITDA, (ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН)
млрд теңге



Сегменттер бойынша түсім

Көрсеткіш, млрд теңге	2023 год	2024 год
Шикі мұнай сату	4 615	4 671
Мұнай өнімдерін сату	2 680	2 592
Теміржол жүк тасымалы	1 678	1 870
Уран өнімдерін сату	1 391	1 715
Тазартылған алтынды сату	813	1 260
Газ өңдеу өнімдерін сату	987	1 091
Телекоммуникациялық қызметтер	669	732
Электр кешені	449	595
Мұнай және газ тасымалдау	320	385
Алыс-беріс мұнайды өңдеу	248	259
Электр энергиясын тасымалдау	197	237
Жолаушыларды теміржол тасымалы	106	115
Әуе тасымалы	549	78
Пошта қызметтері	32	35
Өзге де кірістер	563	651
Жалгерлік кіріс	88	98
Пайыздық табыс	49	49
	15 434	16 433

Сегменттер бойынша түсімнің өсуі сыртқы және ішкі жағдайлардың әсерінен туындайды.

2024 жылы мұнай секторында мұнай экспорты көлемінің өсуі байқалды, ол Brent маркалы мұнай бағасының 2023 жылы баррель үшін 82,64 доллардан баррель үшін 80,76 долларға дейін төмендеуін өтеді. Мұнай өнімдерін сату бағаларының төмендеуі қайта өңдеу көлемінің төмендеуі нәтижесінде болды. Теміржол жүк тасымалы тарифтердің, бағамдық айырмашылықтардың және жүк вагондары паркімен операциялардан түсетін кірістердің ұлғаюына байланысты

өсті. Газ өңдеу өнімдерін сатудың өсуі 2023 жылдың ортасынан бастап енгізілген ірі кәсіпорындар үшін сату көлемінің және жаңа баға санатының өсуінің арқасында үлкен көлемдер есебінен және ҚР ішкі нарығынан Қытайға экспорттан түсетін кірістердің ұлғаюына байланысты, бұдан басқа, өсім газға көтерме бағаның 2024 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап орта есеппен 14,6%-ға өсуімен байланысты. Табиғи уранның спот бағасының өсуіне байланысты уран өнімдерінің сатылымы 2023 жылмен салыстырғанда орташа сату бағасының 27%-ға (55,09 АҚШ долларына қарсы 69,72 АҚШ доллары) өсуі есебінен жоғарлады.

Мұнай мен газды тасымалдау құбырлар мен теңіз жолдары арқылы мұнай тасымалдау көлемінің ұлғаюына байланысты өсті. Электр энергетикасындағы өсім 2024 жылдың қаңтарынан бастап тарифтердің өсуіне байланысты. Тазартылған алтынды сату түсімінің өсуі алтын бағасының қымбаттауына және құрамында алтын бар шикізатты жеткізу сұранысқа ие болғандықтан сату көлемінің ұлғаюымен байланысты. 2024 жылғы 9 ақпанда IPO өткізу және Қордың меншік үлесінің 51%-дан 41%-ға дейін төмендеуі салдарынан «Эйр Астана» АҚ Қор компаниялары тобынан шығуына байланысты тек «Qazaq Air» АҚ қызметі бойынша көрсеткіштердің көрсетілуі есебінен 2024 жылы әуе тасымалы сегменті көрсеткіштері төмендеді.

Пошта қызметтері бойынша түсімнің өсуі негізінен сәлемдемелер көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ жүк тасымалынан және кеден өкілдігінің қызметтерін ұсынудан түсетін кірістер есебінен қосымша өсуіне байланысты болады.